

Жамбыл облысы Жуалы ауданы Боралдай ауылдық округінің кейбір ауылдарының шекараларын белгілеу туралы

Жамбыл облысы Жуалы ауданы әкімдігінің 2023 жылғы 13 қазандағы № 293 бірлескен қаулысы және Жамбыл облысы Жуалы аудандық мәслихатының 2023 жылғы 13 қазандағы № 9-4 шешімі. Жамбыл облысының Әділет департаментінде 2023 жылғы 23 қазанда № 5103 болып тіркелді

"Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 31-бабының 1-тармағының 10) тармақшасына және "Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы" Қазақстан Республикасының Заңының 12-бабының 3) тармақшасына сәйкес Жуалы ауданының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** және Жуалы аудандық мәслихаты **ШЕШТІ**:

1. Боралдай ауылдық округі Көлтоған ауылының шекараларының жалпы көлемі 2249,6694 гектар болып белгіленсін.

2. Боралдай ауылдық округі Ертай ауылының шекараларының жалпы көлемі 1258,2245 гектар болып белгіленсін.

3. Боралдай ауылдық округі Рысбек батыр ауылының шекараларының жалпы көлемі 1526,5019 гектар болып белгіленсін.

4. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы мен мәслихат шешімінің орындалуын бақылау аудан әкімінің жетекшілік ететін орынбасарына және аудандық мәслихаттың әкімшілік-аумақтық құрылым, аумақты әлеуметтік-экономикалық дамыту, бюджет және жергілікті салықтар мәселелері, адамдардың құқығын қорғау жөніндегі тұрақты комиссиясына жүктелсін.

5. Осы бірлескен әкімдіктің қаулысы және мәслихаттың шешімі оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудан әкімнің міндетін

уақытша атқарушы

Жуалы аудандық

мәслихаты төрағасының

міндетін атқарушысы

А. Жабағы

Э. Абишева